



Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 314 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2022-2023 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 ақпандағы № 89 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 наурызда № 9941 болып тіркелді

Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2022-2023 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" 2022 жылғы 20 шілдедегі № 314 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28911 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 және 2-қосымшалары осы қаулының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жариялағанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов

Қостанай
облысы әкімдігінің
2023 жылғы 28 ақпандағы
№ 89 қаулысына
1-қосымша
Қостанай
облысы әкімдігінің
2022 жылғы 20 шілдедегі
№ 314 қаулысына
1-қосымша

Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға 2022-2023 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Мамандықтардың коды және атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы	Оқу жылында бір білім алушыға жұмсалатын орташа шығыстар (теңге)	
			2022 жыл	2023 жыл
1	01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	295	135 600	281 509
2	01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	230	135 600	281 509
3	01140500 Дене тәрбиесі және спорт	215	135 600	281 509
4	01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	75	135 600	281 509
5	01140700 Информатика	50	135 600	281 509
6	01140800 Кәсіптік оқыту (салалар бойынша)	175	145 400	301 649
7	02110400 Баспа ісі*	25	137 600	286 109
8	02120100 Интерьер дизайны*	40	148 900	311 409
9	02150100 Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)	32	391 100	792 467
10	02150200 Музыка теориясы	2	404 300	822 367
11	02150300 Вокалдық өнер*	2	404 300	822 367
12	02150400 Хорды дирижерлау	8	404 300	822 367
13	02151000 Халықтық көркем шығармашылығы (түрлері бойынша)	50	404 300	822 367
14	02310100 Аударма ісі (түрлері бойынша)*	25	137 600	286 109
15	04110100 Есеп және аудит*	300	145 400	301 649
16	04130100 Менеджмент (қолдану салалары бойынша)	50	137 600	286 109

17	04130200 Логистика (салалар бойынша)	25	137 600	286 109
18	04140100 Маркетинг (салалар бойынша)	100	137 600	286 109
19	05220100 Экология және табиғатты қорғау қызметі (түрлері бойынша)	25	148 900	311 409
20	05420100 Статистика	25	137 600	286 109
21	06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)*	75	145 400	301 649
22	06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)*	275	137 600	286 109
23	07130100 Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	100	148 900	311 409
24	07130200 Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	170	156 600	326 949
25	07130400 Жылу техникалық жабдықтар және жылу мен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)	25	148 900	311 409
26	07130700 Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	150	148 900	311 409
27	07140100 Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)	100	137 600	286 109
28	07140500 Сандық техника (түрлері бойынша)	50	137 600	286 109

29	07140600 Медициналық техниканы монтаждау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу	25	137 600	286 109
30	07140700 Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару	25	137 600	286 109
31	07150100 Машина жасау технологиясы (түрлері бойынша)	100	148 900	311 409
32	07150300 Токарлық іс (түрлері бойынша)*	75	148 900	311 409
33	07150500 Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)*	275	156 600	326 949
34	07150600 Слесарлық іс (салалар және түрлері бойынша)*	25	137 600	286 109
35	07150700 Жүк көтергіш машиналар мен транспорттерлер	25	148 900	311 409
36	07151100 Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету (өнеркәсіп салалары бойынша) *	25	148 900	311 409
37	07151300 Қара металдар металлургиясы	25	148 900	311 409
38	07160500 Темір жолдың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету	50	148 900	311 409
	07161300 Автомобиль көлігіне техникалық			

39	қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану*	300	156 600	326 949
40	07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру*	255	156 600	326 949
41	07210200 Сүт және сүт өнімдерін өндіру*	25	148 900	311 409
42	07210300 Нан пісіру , макарон және кондитер өндірісі*	65	148 900	311 409
43	07211200 Элеватор, ұн тартатын, жарма және құрама жем өндірісі	25	148 900	311 409
44	07221400 Жиһаз өндірісі*	50	148 900	311 409
45	07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу*	50	148 900	311 409
46	07240300 Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық қазу	50	148 900	311 409
47	07240500 Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту)	50	148 900	311 409
48	07310100 Архитектура	25	148 900	311 409
49	07310300 Жерге орналастыру	25	148 900	311 409
50	07320100 Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану*	295	156 600	326 949
51	07320700 Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану	50	148 900	311 409
52	07321100 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану*	20	148 900	311 409

53	07321200 Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану*	25	148 900	311 409
54	07880100 Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша)	25	135 600	281 509
55	08110100 Агрономия*	50	145 400	301 649
56	08110500 Зоотехния*	25	137 600	286 106
57	08210100 Орман шаруашылығы *	25	137 600	286 106
58	08410100 Ветеринария*	125	145 400	301 649
59	09120100 Емдеу ісі	175	1 460 900	1 678 900
60	09130100 Мейіргер ісі	250	1 460 900	1 678 900
61	09130200 Акушерлік іс	25	1 460 900	1 678 900
62	09140100 Лабораториялық диагностика	25	1 460 900	1 678 900
63	09230100 Әлеуметтік жұмыс	50	137 600	286 109
64	10120100 Шаштараз өнері*	75	148 900	311 409
65	10130100 Қонақ үй бизнесі*	15	137 600	286 109
66	10130200 Тамақтану саласында қызмет көрсетуді ұйымдастыру	15	137 600	286 109
67	10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру*	375	156 600	326 949
68	10410200 Темір жолкөлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару	100	148 900	311 409
69	10410300 Автомобиль көлігінде тасымалдауды	25		311 409

	ұйымдастыру және қозғалысты басқару		148 900	
	Барлығы	6034		

Ескертпе:

* ерекше білім беру қажеттіліктері бар азаматтар қатарынан кадрлар даярлау мүмкін болатын мамандық.

Қостанай
облысы әкімдігінің
2023 жылғы 28 ақпандағы
№ 89 қаулысына
2-қосымша
Қостанай
облысы әкімдігінің
2022 жылғы 20 шілдедегі
№ 314 қаулысына
2-қосымша

Орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2022-2023 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Мамандықтардың коды және атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы	Оқу жылында бір білім алушыға жұмсалатын орташа шығыстар (теңге)	
			2022 жыл	2023 жыл
1	01140100 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	25	135 600	281 509
2	06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)*	25	137 600	286 109
3	09130100 Мейіргер ісі	50	1 460 900	1 678 900
	Барлығы	100		

Ескертпе:

* ерекше білім беру қажеттіліктері бар азаматтар қатарынан кадрлар даярлау мүмкін болатын мамандық.